

Барлық білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүрулері туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2013 жылғы 25 қыркүйектегі № 19/115-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының әділет департаментімен 2013 жылғы 23 қазанда № 2387 болып тіркелді.

Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қалалық мәслихатының 31.10.2014 № 34/199-V шешімімен.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі заңының 6-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, 47-бабының 4-тармағына сәйкес, Арыс қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Арыс қаласының меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүрулеріне іс жүзіндегі тарифтің 50 пайызы көлемінде жолақысына жеңілдік берілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат сессиясының т ө р а ғ а с ы	Е.Медетбеков Т.Тулбасиев
Қалалық мәслихат хатшысы	